

«Айяна» жеке мектепке дейінгі білім беру мекемесі

«Ғажайып әлем»

қазақ тілі апталығы
(22-26 қыркүйек)



Жауапты: қазақ тілі маманы
Даулеткалиева Айнара

2025-2026 оқу жылы

Апталықтың атауы: *«Ғажайып әлем»* қазақ тілі апталығы

Өтетін уақыты: 22-26.09.2025 жыл

Мақсаты:

- Балалардың мемлекеттік тілге деген құрметін арттыру;
- Сөздік қорын байыту, байланыстырып сөйлеуге дағдыландыру;
- Қазақ тіліне деген қызығушылығын ояту.

1-күн ДҮЙСЕНБІ:

Іс-шара: «Тіл – ұлттың жаны» апталықтың салтанатты ашылуы

Мақсаты: Апталық мазмұнымен таныстыру, тіл туралы түсінік беру

Түрі: Мерекелік шағын концерт

Құрылымы:

- Апталықтың ашылу сөзі (мұғалім)
- Балалардың тіл туралы тақпақтары
- Ән: « _____ »
- «Тіл – халықтың жаны» атты сурет көрмесін ашу
- Фотоколлаж:
- «Отбасы – бақыт мекені» тақырыбында балалар мен ата-аналарға қазақ тіліндегі фотоколлаж тапсыру

2-күн: ағылшын

3-күн: СӘРСЕНБІ:

Іс-шара атауы: «Талап-тұлпар, білім-сұңқар»

(Мектепалды және ересек топтарға арналған зияткерлік ойын)

Мақсаты:

- Балалардың қазақ тілін қолдану дағдыларын дамыту;
- Сөздік қорын байыту, ойлау қабілетін арттыру;
- Топпен жұмыс істеуге, шапшаңдық пен зейінге тәрбиелеу;
- Отанға, тілге деген сүйіспеншілікті қалыптастыру.

Түрі: Зияткерлік ойын-сайыс (5 кезеңнен тұратын жарыс)

Қатысушылар:

Мектепалды және ересек топтан 2 команда (әр топта 5 бала)

Кезеңдері:

I. «Қас – қағым сәтте»

II. «Дұрыс, бұрыс»

III. «Бұл қай ертегі?»

IV-кезең. «Құпия сандық»

V-кезең. «Мың бір мақал»

4-күн: ағылшын

5-күн: ЖҰМА Апталықты қорытындылау (шағын мерекелік жиын)

- «Ертегі әлемінде» («Ақбота» ортаңғы тобы)
- Барлық топтың қатысуымен қорытынды
- Балалар мен ата-аналар фотоколлажын көрсету
- Мадақтау қағаздары мен сыйлықтар табыстау
- «Ертегі әлемінде» күні
- Іс-шара: Қазақ ертегісін сахналау
- Мақсаты: Кейіпкерлердің тілін қолдана отырып көркем сөйлеуге баулу
- Түрі: Сахналық көрініс
- Құрылымы:
- Ертегіні таңдау («Мақта қыз бен мысық»)
- Рөлдерді бөліп жаттау
- Көріністі ойнап көрсету

Тақырып: «**Ғажайып әлем**» қазақ тілі апталығы

Қатысушылар: 3–5 жас аралығындағы балалар, қазақ тілі мұғалімі, тәрбиешілер

1. Кіріспе сөз

Жүргізуші (мұғалім):

– Армысыздар, құрметті тәрбиешілер мен бүлдіршіндер! Бүгін біз туған тілімізге деген сүйіспеншілігімізді білдіретін Қазақ тілі апталығын ашқалы отырмыз.

– Тіліміз – халқымыздың жүрегі, ұлттың жаны. Ендеше, осы апталықты жақсы көңіл күймен бастайық!

2. Өнмен ашу

Балалар хормен орындайды: «Менің, Қазақстаным»

3. Тапқақтар бөлімі

Балалар кезекпен тапқақ оқиды:

- **Исмаил:** Қазақ тілім, ана тілім,
Сеніменен бәрі білім.

Мақтанышым сенсің менің,
Тілім менің мәңгі жүрегім!

-**Акерке:** Тіл деп соғар жүрегім,
Өз тілімді білемін.

Бала күннен үйреніп,
Тілге басым иемін.

-**Махамбет:** Ең бірінші бақытым - Халқым менің,
Соған берем ойымның алтын кенін.

Ол бар болса, мен бармын, қор болмаймын
Қымбатырақ алтыннан нарқым менің.

Ал екінші бақытым - Тілім менің,
Тас жүректі тіліммен тілімдедім.
Кей-кейде дүниеден түңілсем де,
Қасиетті тілімнен түңілмедім.

-**Балназым:** Ана тілім бал тілім
Өзің барда шалкыдым

Өз тілімде ән шырқап
Термелетіп балкыдым

-**Шырын:** Тілім барда мақтанам
Тілім менің аппақ ән

Бірлігімді бүгінгі
Ана тілім сақтаған

-**Аймира:** Ана тілің - арың бұл
Ұятың боп тұр бетте,

Өзге тілдің бәрін біл,
Өз тіліңді құрметте...

-**Нарұл:** Сүйемін туған тілді – анам тілін,
Бесікте жатқанымда-ақ берген білім.

Шыр етіп жерге түскен минутымнан
Құлағыма сіңірген таныс үнім.
Ең бірінші сол тілмен сыртқа шықты,
Сүйгенім, сүйсінгенім, жек көргенім.

4. Апталықтың жоспарымен таныстыру

Мұғалім:

– Осы аптада біз түрлі қызықты ойындар, сахналық қойылымдар, суреттер мен фотоколлаж арқылы қазақ тілін үйренеміз.

– Әр күннің өз тақырыбы болады. Сіздерді белсенді қатысуға шақырамын!

«Тіл – халықтың жаны» атты сурет көрмесін ашу

Фотоколлаж:

– «Отбасы – бақыт мекені» тақырыбындағы балалар мен ата-аналардың қазақ тіліндегі фотоколлаж жұмыстарын көрсету

5. Қорытынды сөз

– Тілімізді сүю – өз Отанымызды сүю.

– Апталыққа сәттілік тілейміз! Қазақ тілі – жүрегіміздің үні болсын!



**«Талап тұлпар, білім сұңқар»
(Мектепалды және ересек топтарға арналған зияткерлік ойын)**

Мақсаты:

- Балалардың қазақ тілін қолдану дағдыларын дамыту;
- Сөздік қорын байыту, ойлау қабілетін арттыру;
- Топпен жұмыс істеуге, шапшаңдық пен зейінге тәрбиелеу;
- Отанға, тілге деген сүйіспеншілікті қалыптастыру.

Түрі:

Зияткерлік ойын-сайыс (5 кезеңнен тұратын жарыс)

Қатысушылар:

Мектепалды және ересек топтан 2 команда (әр топта 5 бала)

- Сәлемдесу
- Топтарды таныстыру
- Ереже түсіндіру: әр кезеңде ұпай (жұлдызша) жинау, тәртіп сақтау, достықта жарысу

Жүргізуші: Қайырлы таң құрметті қонақтар!

-Бәйгеге түсіп жарыспай,

Жүйріктің бағы жанар ма?

Білім мен өнер жарысып,

Тәрбие, тәлім табар мән.

Бұл бәйге ойдың бәйгесі

Кім жүйрік ойға, сол алда, - дегендей, бүгінгі зияткерлік ойынымыз сайыс түрінде өтеді.

(Ойынның мақсатымен таныстыру)

-Яғни, бүгін біз сіздермен **«Талап-тұлпар, білім-сұңқар»** атты зияткерлік ойын-сайысымызда осы уақытқа дейін алған білімдерімізді көрсетіп, ортаға салатын боламыз.

Бүгінгі **«Талап-тұлпар, білім-сұңқар»** зияткерлік сайысына қош келдіңіздер! «Білімді ұрпақ – ел тірегі» демекші, Балбөбек ересек және Күншуақ мектепалды топтарының сайыскерлерін қарсы алайық.

1. Нарұл
2. Махамбет
3. Аянат
4. Ботагөз
5. Хадиджа
6. Исатай
7. Шырын
8. Азимхан
9. Балназым
10. Аймира

Жүргізуші: Адамгершілік амандасудан басталады, алдымен амандасып алайық.

Психологиялық дайындық.

Оқушылар шеңберге жиналады.

«Сен қайдасың?» тренингі.

- Сәлем, достым! (қол беріп амандасады)
- Сен қалайсың? (иықтарын қағады)
- Қайда болдың? (құлақтарын тартады)
- Мен сені сағындым (қолдарын жүрекке қояды)
- Сен келдің (қолдарын жаяды)
- Жақсы болды (қатты құшақтайды)

Ендеше сайысымызды бастамас бұрын, әділқазылар алқасымен танысып өтейік.

Балалардың білімдерін көріңіз,

Әділқазы әділ біздің, сеніңіз.

Жүзден жүйрік, мыңнан тұлпар анықтап,

Сәттілік тілеп бізге шабыт беріңіз.

Балабақша кеңесшісі: М.А.Буентаева

Балабақша әдіскері: Ж.А.Елемесова

Жүргізуші: Олай болса, сайыс бөлімдерімен және шарттарымен таныс болайық. Сайыс 5 бөлімнен тұрады. Әр бөлімде командаларға жеке тапсырмадан беріледі. Сұрақтарға тез және нақты жауап беру керек. Әр жауапқа 1 ұпайдан беріледі және уақыт беріледі.

I. «Қас – қағым сәтте»

II. «Дұрыс, бұрыс»

III. «Бұл қай ертегі?»

IV-кезең. «Құпия сандық»

V-кезең. «Мың бір мақал»

Жүргізуші: Мықты болсаң – алдағыны басып оз,
Мықты болсаң – арттағыны жеткізбе.
Мықты болсаң – тайғанама көк мұзда,
Мықты болсаң – бөгеттерді басып өт.

Ал бәріңе сәттілік!!

I - кезең. «Қас – қағым сәтте» деп аталады.

Шарты: Бұл бөлімде әр топқа 5 сұрақтан қойылады. Әр дұрыс жауапқа 1 ұпай қойылады. Сонымен, топтарға сәттілік тілей отыра, ойынымызды бастаймыз.

1 - тобы:

1. Күз айларын ата. (қыркүйек, қазан, қараша)
2. Апта күндерін ата. (дүйсенбі, сейсенбі, сәрсенбі, жұма, сенбі, жексенбі)
3. Күз мезгілінде жапырақтардың түсі қандай болады?
4. Қазақстан Республикасының Астанасы қандай қала?
5. Төрт түлікті ата. (қой, жылқы, ешкі, түйе, сиыр)

2 - тобы:

1. Қыс айларын ата. (желтоқсан, қаңтар, ақпан)
2. Неше жыл мезгілі бар? Ата. (қыс, күз, жаз, көктем)
3. Қыс мезгілінде не болады?
4. Қазақстан Республикасының Президенті кім?
5. Жабайы жануарларды ата. (қасқыр, түлкі, қоян, аю)

II – кезең. «Дұрыс, бұрыс» ойыны

Шарты: Бұл бөлімде әр топқа 10 сұрақтан қойылады. Әр дұрыс жауапқа 1 ұпай қойылады.

Қойылған сұрақтарға, дұрыс, бұрыс деп жауап береді

1-тобы:

1. Үздік оқушы боламын
2. Мен балабақшаға түсте келемін.
3. Үлкенге сәлем беремін.
4. Астанада Бәйтеректі көрдім.
5. Алма ағаштан алмұрт тердім.
6. Ұшақпен суда жүздім.
7. Қызанақ қызыл болады.
8. Киіз үйдің терезесінен қарадым.
9. Менің Отаным – Қазақстан.
10. Ит мияулайды.

2- тобы:

1. Мен түнде күнді көрдім.
2. Оң қолыммен жазамын.
3. Бағдаршам қызыл жанғанда өтіп кеттім.
4. Кәмпітімді досыма бөліп беремін.
5. Жолда доп ойнадым.
6. Мен әжемнің немересімін.
7. Сиыр, сиыр жапырақ, берші деді мысық.
8. Қыста жаңа жыл тойлаймын.
9. Қоянның құлағы қысқа.
10. Аю қыста ұйықтайды.

III-кезең. «Бұл қай ертегі?»

Шарты: (слайд арқылы көрсетіледі. Бұл бөлімде әр топқа 3 ертегіден жасырылады. Әр дұрыс жауапқа 1 ұпай қосылады. Суретке қарап, қай ертегі екенін айтады.)

1-тобы:

1. «Арыстан мен тышқан»
2. «Мақта қыз бен мысық»
3. «Алтын балық»

2-тобы:

4. «Түлкі мен тырна»

5. «Шалқан»
6. «Жеті лақ»

IV-кезең. «Құпия сандық»

Шарты: Бұл бөлімде мен жұмбақ жасырамын, сендер жұмбақтың шешуін 2 тілде (қазақша, ағылшынша) айтуларың керек. Әр топқа кезекпен жасырылады. Әр жауапқа 1 ұпайдан қойылады. Егер қазақшасын немесе орысшасын ғана айтатын болсаң, бәрібір 1 ұпай беріледі. Егер жауап дұрыс болмаған жағдайда қарсылас топ жауап беруге болады және ол топқа дұрыс жауап бергені үшін 1 ұпай беріледі.

1-тобы.

1. Шықса – көк,
Түссе – сары. (Жапырақ-leaf)
2. Болса да көкте мекені,
Кездеспейді екеуі. (Ай-moon, Күн-sun)
3. Жасыл ала дөңгелек
Бақшада жатыр дөңгелеп. (Қарбыз-watermelon)

2-тобы.

1. Қалқиып екі құлағы,
Елендеп, қорқып тұрады. (Қоян-rabbit)
2. Қабат-қабат қаттама,
Ақылың болса аттама. (Кітап-book)
3. Үш тілі бар, тақылдаған үні бар. (Сағат-watch)

V-кезең. «Мың бір мақал»

Шарты: Бұл бөлімде мақалдың бірінші жартысы оқылады, ал Сіздер сол мақалдың жалғасын табуларыңыз қажет. Әр топқа 6 мақал - мәтелден беріледі. Әр дұрыс жауапқа 1 ұпай.

1-тобы.

- Ананың көңілі балада, ... (баланың көңілі далада)
Досы көпті жау алмайды, ... (ақыл көпті дау алмайды)
Отан оттан да, ... (ыстық)
Білекті бірді жығар, ... (білімді мыңды жығар)
Туған жердің күні де ыстық, ... (түніде ыстық)
Төртеу түгел болса, ... (Төбедегі келеді)

2-тобы.

- Еңбектің наны тәтті, ... (жалқаудың жаны тәтті)
Бірлік болмай, ... (Тірлік болмас)
Туған жердей жер болмас, ... (Туған елдей ел болмас)
Оқу – білім бұлағы, ... (Білім өмір шырағы)
Ырыс алды - ... (Ынтымақ)
Еңбек етсең ерінбей, ... (Тояды қарның тіленбей)

Жүргізуші: Ал балалар осымен «Талан-тұлпар, білім-сұңқар» зияткерлік сайысымыз өз мәресіне жетті. Кезекті әділқазылар алқасына берейік.

Қорытынды: Құрметті балалар, осымен біздің «Талан-тұлпар, білім-сұңқар» зияткерлік ойын-сайысымыз өз мәресіне жетті. Қатысып, өз бақтарыңды сынап көрдіңдер. Алдағы уақытты осындай сайыстардан қалыс қалмай қатысып жүретін боласыңдар. «Еліміздің болашағы - білімді ұрпақ» демекші білімді азамат, азаматша болып өсулеріңе тілектеспін.



Қазақ тілі апталығының қорытынды мерекелік жиыны

«Ертегі әлемінде» күні

Іс-шара: Қазақ ертегісін сахналау

Мақсаты: Кейіпкерлердің тілін қолдана отырып көркем сөйлеуге баулу

Түрі: Сахналық көрініс

Құрылымы:

- Ертегіні таңдау («Мақта қыз бен мысық»)

- Рөлдерді бөліп жаттау

- Көріністі ойнап көрсету

Мақсаты:

– Апталық барысында меңгерген білім, сөздік қорды бекіту

– Қазақ тіліне қызығушылықтарын арттыру

– Тілдің достық пен бірліктегі маңызын көрсету

Қатысушылар: Барлық топ балалары, педагогтар

Түрі: Мерекелік жиын

Іс-шараның құрылымы:

1. Кіріспе:

Қайырлы күн, қымбатты ұстаздар, балалар.

22-26 қыркүйек аралығында «Ғажайып әлем» апталығының жабылуына байланысты ұйымдастырылған салтанатты жиын ашық деп жариялаймын.

Жүргізуші: Балабақша еліміздің қаны, жаны.

Балабақшадан басталады бәрі – бәрі,

Жабылу салтанатты жиынында

Шырқалсын Қазақстан Әнұраны.

«Әнұран» орындалады.

2. Назарларыңызды экранға аударуларыңызды сұраймын, слайдта апталықтағы өткізілген іс-шаралардан түсірілген суреттерді көріп тамашалаңыздар Фотоколлаж көрсету:

– «Отбасы – бақыт мекенім» тақырыбындағы балалар мен ата-аналардың қазақ тіліндегі фотоколлаж жұмыстарын көрсету

- «Тіл – халықтың жаны» атты сурет көрмесіндегі суреттерді көрсету:

- «Ақбота» ортаңғы тобы «Мақта қыз бен мысық» ертегісі сахналық қойылым.

Жүргізуші: Армысыздар балабақша асылдары.

Ерлік жолы керемет қой тылсымдары,

«Айяна» жеке бөбекжайында.

Жеңімпаздарды мақтау, марапаттау салтанатты жиыны жатыр міне ашылғалы!!!

Абзал жан бар биік тұлға, байсалды.

Құшақ жая балаларды қарсы алды.

Бүгінгідей салтанатты шақта бір

Құтықтайды балабақша кеңесшісі баршанды.

Сөз балабақша кеңесшісі М.А.Буентаеваға беріледі.

Жеңімпаздарды марапаттау.

Тақпақ айтқан балаларды марапаттау;

«Талап-тұлпар, білім-сұңқар» зияткерлік ойыны бойынша мектепалды және ересек топ балаларын марапаттау;

«Ертегі әлемінде» Мақта қыз бен мысық ертегісіне қатысқан балаларды марапаттау;

– «Отбасы – бақыт мекенім» тақырыбындағы балалар мен ата-аналардың қазақ тіліндегі фотоколлаж жұмыстарын марапаттау;

- «Тіл – халықтың жаны» атты сурет көрмесіндегі суреттерді ерекшесін марапаттау:

Апталықты озат болып таусыттың,

Бір сатыға жоғары білімге ауыстың.

Құтты болсын жеңісің,

Озаты бол заманның.

Биік болсын білімің,

Біреуі бол ірінің.

Әр күніміз жақсы болсын.

Өнер білім серік болсын

Сау болыңыздар келесі жылы кездескенше.



